

## Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институтының мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 18 қараша 1993 ж. N 1150 "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 17 шілдедегі N 1245 U931245\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері мен үкіметтік байланыс әскерлеріне офицер кадрларын даярлайтын факультет құру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтына 1032 адам мөлшерінде қосымша штат с а н ы б ө л і н с і н .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институтының қосымша штат санын ұстауға, Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері мен үкіметтік байланыс әскерлеріне офицер кадрларын даярлайтын факультетте оқу процесін қамтамасыз етуге және күрделі құрылыс жөніндегі жобалау-ізвестіру жұмыстарына қажетті қаражат бөлсін;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтына тұрғын үйлер, оқу және материалдық-техникалық базаның, әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді салу үшін 1994-1996 жылдарға арналған республика бюджетінде табыс етілген тұтыну есеп-қисабына қарай жыл сайын күрделі қаржы б ө л і н у і н к ө з д е й т і н б о л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтын қару-жарақпен, әскери техникамен және басқа материалдық құрал-жабдықпен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 58 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі:

1994 жылы жаңадан құрылған факультеттерде оқу процесін ұйымдастырып, факультеттерді тұрақты құраммен жасақтауды және оқу материалдық-техникалық базаны дайындауды, оқу процесін ұйымдастыруға қажетті қару-жарақпен, әскери және арнаулы техникалық құралдармен жабдықтауды қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп Әскери институтты , алдын ала іріктеуді ескере отырып, мерзімді қызметтің әскери қызметшілерімен

ж а с а қ т а у д ы

ж ү з е г е

а с ы р с ы н .

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Алматы қаласының әкімі 1994 жылдың бірінші жартысында Шекара әскерлері бас басқармасының комендатурасын Әскери институт аумағынан көшіру үшін үй-жай бөлу мәселесін

ш е ш е т і н

б о л с ы н .

6. Былай деп белгіленсін:

ішкі әскерлерге офицерлер даярлайтын факультеттің тұрақты құрамы мен тыңдаушылары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кадрларына қ о с ы л а д ы :

республиканың Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті санаттағы қызметкерлеріне арналып белгіленген үлес пен жеңілдіктің барлық түрі тыңдаушыларға қолданылады; институтты тәмәмдаған соң факультеттің тыңдаушылары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кадрларынан шығарылып, Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлері қолбасшысының қарауына жіберіледі.

7. Әскери институт қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының

схемасы N 1 қосымшаға және Әскери институт тыңдаушыларын ұстауға жұмсалатын ақшалай қаражат схемасы N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісуі бойынша осы қаулымен қолдануға енгізілген жалақыға қарайластырып барлық басқа лауазымдар бойынша жалақы белгілеу құқығы берілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 18 қарашадағы  
N 1150 қаулысына  
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті Әскери институты қызметкерлерінің  
лауазымдық жалақысы

-----!-----

Лауазымдар атауы ! Айлық лауазымдық  
! жалақы (теңге  
! есебімен)

-----!-----

Әскери институт бастығы	139	
Бастықтың бірінші орынбасары	130,6	
Бастықтың орынбасары	128,2	
Бастықтың тыл, қару-жарақ жөніндегі орынбасары		126,2
Бастықтың кадр жөніндегі көмекшісі	121	
Оқу бөлімінің, ғылыми бөлімінің, адъюнктура мен докторантураның, қаржы-жоспар бөлімінің бастығы		117,2
Бірінші факультет бастығы	120	
Екінші, үшінші, төртінші факультеттердің бастығы		118
Кафедра бастығы	115,6	
Оқу дивизионының командирі	111	
Оқытушы, ғылыми қызметкер, инспектор		100
Жеке құрам жөніндегі инспекцияның бастығы		114
Батальон командирі, ит қызметі питомнигінің бастығы	98	
Оқу заставасының бастығы, курс офицері		90
Взвод командирі	74	

Ескертулер:

1. Әскери институтта жұмыс істегені үшін барлық қызметкерлерге 15 процент мөлшерінде лауазымдық жалақысына қосымшаақы төленеді.

2. Оқу және ғылыми бөлімнің, адъюнктура мен докторантураның ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар профессор-оқытушы құрамына, офицерлеріне лауазымдық жалақы мынадай мөлшерде өсіріледі:

доцент ғылыми атағы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі барларға - 4,4 т е ң г е ;

доцент ғылыми атағы және ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі барларға - 8,8 теңге;

профессор ғылыми атағы немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесі барларға - 13,2 т е ң г е ;

профессор ғылыми атағы және ғылым докторы ғылыми дәрежесі барларға - 17,6 т е ң г е ;

3. 5 жылдан 10 жылға дейін педагогтік стажы бар профессор-оқытушы құрамына лауазымдық жалақы 5 процент, ал 10 жылдан артық педагогтік стажы барларға лауазымдық жалақы 10 процент өсіріледі.

4. Шекара әскерлері тактикасы, жалпы әскерлік пәндер, мемлекет шекарасы күзетін инженерлік қорғау, автоброндітанк әзірлігі, кинология, қару-жарақ және атыс, дене

шынықтыру әзірлігі мен спорт, ішкі әскерлер тактикасы және техникалық күзет құралдары кафедраларының профессор-оқытушы құрамына лауазымдық жалақы 5 процент өсіріледі.

5. Оқытатын пәнінің профилі бойынша арнаулы жоғары білімі жоқ профессор-оқытушы құрамына лауазымдық жалақы батальон командирінің лауазымдық жалақысы мөлшерінде белгіленеді.

6. Тыңдаушылармен сабақ жүргізетін Әскери институт бастығы мен оның орынбасарларына, сондай-ақ оқу бөлімінің, адъюнктура мен докторантураның офицерлеріне, оқу дивизиондары мен курстардың командирлеріне оқытушылық жұмыстан кеткен кезде педагогтік жұмыс стажы және оның лауазымдық жалақысына үстеме ақы сақталады.

7. Қайта даярлау мен біліктілікті көтеру факультетінің тыңдаушыларына оқу кезеңінде жалақысы олардың атқарып жүрген лауазымдарына сәйкес сақталады.

8. Оқу жүктемесі белгіленген нормадан тыс арттырылған жағдайда профессор-оқытушы құрамның лауазымдық жалақысы айлықақы қоры шегінде өсіріледі.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 18 қарашадағы  
N 1150 қаулысына  
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті Әскери институтының тыңдаушыларын  
ұстауға жұмсалатын Ақшалай қаражат

-----!-----

! Ай сайын жұмсалатын  
! ақшалай қаражат  
! (теңге есебімен)

-----!-----

Бірінші курс тыңдаушысы	10	
Екінші курс тыңдаушысы	30	
Үшінші, төртінші курстардың тыңдаушылары		36
Төртінші бесінші курстардың "кіші лейтенант" әскери атағы бар тыңдаушылары	50	

Ескертулер:

1. Оқу заставаларының старшиналарын ұстауға жұмсалатын ақшалай қаражатқа 30 процент мөлшерінде, оқу заставалары бөлімдерінің командирлеріне - 20 процент мөлшерінде үстемеақы белгіленеді.

2. Отбасылы тыңдаушыларға және жетім тыңдаушыларға (ата-аналарсыз) оларды ұстауға жұмсалатын ақшалай қаражатқа 25 процент мөлшерінде үстемеақы белгіленеді.

3. Тек жақсы және өте жақсы бағалары бар тыңдаушыларға - 15 процент, ал тек өте жақсы бағалары барларына - оларды ұстауға жұмсалатын ақшалай қаражатқа 30 процент мөлшерінде үстемеақы белгіленеді.

4. Бәсіре стипендиялар алатын тыңдаушыларға - оларды ұстауға жұмсалатын ақшалай қаражатқа 45 процент мөлшерінде үстемеақы белгіленеді.

5. Мерзімнен тыс қызметтің прапорщиктері, мичмандары мен әскери қызметшілері қатарындағы тыңдаушылар өздері әскери институтқа түсерге дейін атқарып келген лауазым бойынша тарифтік разрядқа сәйкес ақшалай қаражат алады.